

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ Кәрім Мыңбаев атындағы «№59 Мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны



**Мектептің өзін-өзі
бағалауы**

**Самооценка
деятельности школы**

Мазмұны

№	Бөлімдер
1	Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
2	Кадрлық әлеуетті талдау
3	Оқушылар контингенті
4	Оқу-әдістемелік жұмыс
5	Тәрбиелік жұмыс
6	Оқу-материалдық активтер
7	Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
8	Оқушылардың білімін бағалау
9	Ұсыныстар

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Полное наименование организации образования:	Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-лицей №59 имени Карима Мынбаева» акимата города Астаны
Юридический адрес и адрес фактического местонахождения:	Республика Казахстан, 010000, город Астана, район «Есіл», улица Сауран 5/1.
Контактные данные юридического лица:	Электронный адрес: shl_59@mail.ru Телефон-факс: 8(717)2501795 Сайт организации образования: https://mektep59.edu.kz/
Контактные данные представителя юридического лица:	Султанова Гульжазира Алимхановна, назначена приказом №721-ж/к от 18.09.2024г.
Правоустанавливающие и учредительные документы	Устав ГКП на ПХВ утвержден приказом ГУ «Управление активов и государственных закупок города Астаны» №487/0 от 21.02.2023г., приложение 25. ГКП на ПХВ «Школа-лицей №59 имени Карима Мынбаева» акимата города Астаны прошло перерегистрацию 06.03.2023г. БИН 070940018522
Разрешительные документы	ГКП на ПХВ «Школа-лицей №59 имени Карима Мынбаева» акимата города Астаны имеет лицензию на занятие образовательной деятельностью KZ93LAA00034029 и приложение к лицензии по уровням образования: основное среднее, общее среднее и начальное, выданное ГУ «Департамент по обеспечению качества в сфере образования города Астана Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан

1. КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ

Оқу жылы	барлығы	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары категория	I санат	II санат	санат
2026 ж қаңтар	258	5	49	47	60	3	0	1	89

Оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұнына қойылатын талаптар: бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін білім беру ұйымдарының білім беру қызметін жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарының сақталуы және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі.

(<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>)


Тексеру барысында кадрлармен жұмыс жүргізуге қатысты барлық нормативтік құжаттардың бар екені анықталды. Жеке құрамды есепке алу кітабы, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітабы уақтылы жүргізіледі, еңбек шарттары мен қосымша келісімдер жасалған, педагогтердің жеке істері қалыптастырылған.

1. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткенін растайтын құжаты бар педагогтер туралы мәліметтер, сондай-ақ базалық педагогикалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер.

1. Білімі бойынша мұғалімдер саны

Оқу жылы	Мұғалімдер саны	Білімі жоғары	Орта білім/арнайы	магистр
2024-2025	222	214	8	51
2026 қаңтар	258	244	14	57

Білімі бойынша мұғалімдер құрамы %:



2026 жылдың 1 қаңтарына мектепте 258 мұғалім жұмыс істейді, оның ішінде директор, 1 директордың бейіндік оқу ісі жөніндегі орынбасары, 4 директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, 2 директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Мектепте педагогтерді аттестаттау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруда жүйелі тәсіл қалыптасқан. Педагогтерді аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Аттестаттау комиссиясының отырыстары мен аттестаттау материалдарын дайындау мектептің аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

1-санат бойынша басшының	2-санат бойынша басшысының	3-санат бойынша басшысының	1-санаты бар
--------------------------	----------------------------	----------------------------	--------------

орынбасары	орынбасары	орынбасары	басшы
1	2	3	1

Қорытынды:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 болып тіркелген) сәйкес жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы педагогтер санындағы үлесі **40,6 %** құрайды.

2026 жылы аттестациядан өту туралы мәлімет

№	Білім беру ұйымы	Тегі аты, жөні	Лауазымы	Диплом бойынша квалификациясы	Санаты	Санат алған уақыты (бұйрық бойынша)	Беретін санаты
1	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Қанап Іңкәр Айдынкызы	бастауыш сынып мұғалімі	бастауыш сынып мұғалімі	педагог	2023	педагог-модератор
2	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Қалымтаева Нұрай Талғатқызы	бастауыш сынып мұғалімі	бастауыш сынып мұғалімі	педагог	2023	педагог-модератор
3	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Серік Назерке Алдабергенқызы	бастауыш сынып мұғалімі	бастауыш сынып мұғалімі	педагог-модератор	2020 ж.	педагог-сарапшы
қазақ тілі Т1							
4	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Жаналиева Асель Нурлановна	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	Педагог-шебер	2020 ж.	педагог-шебер растау
5	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Кагазова Жамал Амантаевна	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	педагог-зерттеуші	2020 ж.	педагог-зерттеуші растау
6	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Асипова Жаннур Валериевна	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	педагог-сарапшы	2020 ж.	педагог-зерттеуші алу
7	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Өтегенова Жадра Өтегенқызы	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	Педагог	2024	педагог-модератор
8	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Досымова Сауле Садуовна	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	Педагог	2024	педагог-модератор
орыс тілі							
9	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Садуакасова Жадыра Аманбаевна	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы	29.08.2018	Педагог-сарапшы
химия,география,биология							

10	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Шамжанова Элеонора Ғалымбекқызы	Биология пәні мұғалімі	Биология пәні мұғалімі	Педагог	21.08.2023	Педагог-модератор
11	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Құралбекова Аягөз Балтабайқызы	География пәні мұғалімі	География пәні мұғалімі	Педагог - модератор	21.08.2018	Педагог-сарапшы
12	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Кинжағалиева Жұлдыз Утемисовна	География пәні мұғалімі	География пәні мұғалімі	Педагог	11.07.2024 г	Педагог-модератор
13	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Орымбаева Айжан Шахидуллаевна	География пәні мұғалімі	География пәні мұғалімі	Педагог - модератор	29.08.2023	Педагог-сарапшы
қазақ тілі Т2							
14	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Канагат Карлығаш Русланқызы	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	Педагог	2023ж	педагог-модератор
15	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Магажанова Салтанат Бисолтановна	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	Педагог	2022ж	педагог-модератор
16	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Сұлейменова Айнуր Сеитовна	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	Педагог	2025ж	педагог-модератор
17	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Енсегенова Кульжан Мырзахановна	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі	Педагог - зерттеуші 2021	Жарамды: 19.08.26ж	педагог-зерттеуші растау
бастауыш сынып орыс сыныбы							
18	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Турлинова Ардак Амантаевна	бастауыш сынып мұғалімі	бастауыш сынып мұғалімі	педагог-зерттеуші	2021 ж	педагог-зерттеуші растау
19	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Кемербаева Лайла Тоқановна	бастауыш сынып мұғалімі	бастауыш сынып мұғалімі	педагог-зерттеуші	2021 ж	педагог-зерттеуші растау
20	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Байкенова Роза Турсыновна	бастауыш сынып мұғалімі	бастауыш сынып мұғалімі	педагог	2023 ж.	педагог-модератор растау
21	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Уралбекова Сайран Ержановна	бастауыш сынып мұғалімі	бастауыш сынып мұғалімі	педагог-сарапшы	2020 ж	педагог-зерттеуші алу
23	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Шевченко Юлия Васильевна	Учитель начальных классов	Учитель начального образования	Педагог	2023г	Педагог-модератор
эстетикалық пәндер							
24	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Аманова Шолпан Серикжановна	Көркем еңбек пәні мұғалімі	Көркем еңбек пәні мұғалімі	Педагог - зерттеуші	31.12.2020	Педагог-зерттеуші

арнайы педагог							
25	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Молдатаева Шолпан Жайылхановна	логопед	дефектолог - логопед	Педагог	2024 ж	педагог-модератор
математика, физика							
26	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Мукажанова Алма Кадырбековна	математика пәні мұғалімі	математика пәні мұғалімі	сарапшы	тамыз . 2021 ж	эксперт
27	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Нурмуханбетова Гулшат Сагишевна	математика пәні мұғалімі	математика пәні мұғалімі	педагог-модератор	27.08.2021 №147	сарапшы
28	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Байбусинова Айнар Кайратовна	физика пәні мұғалімі	физика пәні мұғалімі	педагог-модератор	01.09.2020 г.; №266 приказ	сарапшы
29	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Базарбаева Бахыт Жолдасовна	математика пәні мұғалімі	математика пәні мұғалімі	педагог	2022ж	педагог-модератор
30	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Берікболқызы Мөлдір	математика пәні мұғалімі	математика пәні мұғалімі	педагог	2021ж	педагог-модератор
31	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Төлеутай Ая	математика пәні мұғалімі	математика пәні мұғалімі	педагог	2024ж	педагог-модератор
тарих							
32	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Саматұлы Рахат	учитель истории	учитель истории	педагог		педагог-модератор
информатика							
33	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Кушанова Диана Булатовна	учитель информатики	учитель информатики	педагог	14.07.2023	педагог-модератор
34	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Мұқашова Айнур Нұрғожақызы	учитель информатики	учитель информатики	педагог-модератор	25.12.2020	педагог-эксперт
35	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Смаилов Гизат Рахимжанович	учитель информатики	учитель информатики	педагог-модератор	23.12.2020	педагог-эксперт
36	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Абикенов Дулат Абдрахманович	учитель информатики	Математика информатика	педагог-модератор	28.08.2023	педагог-эксперт (досрочно)
ағылшын тілі							
37	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Кожаметова Арайгуль Куанышевна,	ағылшын тілі мұғалімі	ағылшын тілі мұғалімі	педагог-зерттеуші	2021ж	педагог-зерттеушіні растау

38	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Тасбулатова Гульжанат Рысбаевна	ағылшын тілі мұғалімі	ағылшын тілі мұғалімі	Педагог - сарапшы	2021ж	Педагог-сарапшы растау
39	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Мамбеева Салтанат Әшірбекқызы	ағылшын тілі мұғалімі	ағылшын тілі мұғалімі	педагог	2024 (03II)	Педагог-модератор
дене шынықтыру							
40	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Даулетова Салтанат Алимбайқызы	учитель физической культуры	учитель физической культуры	"педагог-исследователь"	№ 1073 ж/қ от 31.12.2020 г.	педагог-зерттеуші і растау
41	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Каринов Еркебулан Абдигалимович	учитель физической культуры	учитель физической культуры	"педагог - эксперт"	№ 1073 ж/қ от 31.12.2020 г.	педагог-эксперт
42	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Тулеубаев Даулет Тулеубаевич	учитель физической культуры	учитель физической культуры	педагог	2023	педагог-модератор
43	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Кабденов Маулен Кабиулы	учитель физической культуры	учитель физической культуры	педагог	2023	педагог-модератор
44	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Шакиров Жаслан Гадильгапарович	учитель физической культуры	учитель физической культуры	педагог	2023	педагог-модератор
46	Кәрім Мыңбаев атындағы №59 МЛ	Шакабаева Айгуль Глеугазыевна	учитель физической культуры	учитель физической культуры	педагог	2023	педагог-модератор

Ағымдағы оқу жылында аттестаттау рәсімінен **46 педагог** өтуде, оның ішінде:

- **22 педагог-модератор** – барлығы санатын жоғарылатады;
- **13 педагог-сарапшы** – 6 педагог санатын растайды, 7 педагог санатын жоғарылатады;
- **9 педагог-зерттеуші** – 7 педагог санатын растайды, 2 педагог санатын жоғарылатады;
- **1 педагог-шебер** – санатын растайды.

Аттестаттау рәсімінен сәтті өткен жағдайда мектеп педагогтерінің сапалық құрамы динамикада **40,6 %-дан 44,1 %-ға дейін** өседі.

Педагог кадрларды аттестаттаудан өткізу бойынша перспективалық жоспар және аттестаттау процесін сүйемелдеу жоспары әзірленді. 2026 жылы аттестаттаудан өтуі қажет барлық педагогтер (46 педагог) оқу жылының басында мәлімделген санатқа сәйкестігі бойынша чек-парақтарды толтырды, аттестаттау рәсімінен өтуге өтініштер жазылды. 2025 жылдың қыркүйек–желтоқсан айлары аралығында қолданыстағы заңнамаға сәйкес аттестаттау мәселелері бойынша **4 оқыту семинары** өткізілді, педагогтерге жүйелі түрде кеңестер беріліп, аттестаттауға дайындық бойынша толық сүйемелдеу жүзеге асырылуда. Мектептің әдістемелік кеңесінде оқу-әдістемелік кешендер мен мұғалімдердің авторлық әзірлемелері жанашылдығы мен өзектілігі ескеріле отырып қаралды.

Жұмыс тәжірибесінің қысқаша мазмұны

Ұйым атауы	1 жылға дейін	1-3 жыл	3-5 жыл	5-10 жыл	10-15 жыл	15-20 жыл	20-25 жыл	25-30 жыл	30 жылдан жоғары
Астана қаласы әкімдігінің «Кәрима Мыңбаева атындағы № 59 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК	11	22	16	33	36	30	21	24	65

Мектепте **58 педагог** жұмыс істейді. Педагогтердің еңбек өтілі бойынша бөлінісі:

- **3 жылға дейін (жас мамандар)** — 33 адам (12,7 %)

Сипаттамасы: белсенді, тәлімгерлікті қажет етеді, бейімделу кезеңінен өтуде, кәсіби өсуге ынталы.
- **3 жылдан 10 жылға дейін** — 49 адам (19 %)

Сипаттамасы: қалыптасқан мамандар, жаңа технологияларды меңгеруде, әдістемелік және жобалық қызметке тартылған.
- **10 жылдан 20 жылға дейін** — 66 адам (25,5 %)

Сипаттамасы: негізгі кадрлық ресурс, тұрақты кәсіби дағдыларға ие, мектептің дамуына белсенді қатысады.
- **20 жылдан 30 жылға дейін** — 45 адам (17,4 %)

Сипаттамасы: тәжірибелі педагогтер, тәлімгерлер, кәсіби қауымдастық көшбасшылары. Кейбірі цифрлық қайта даярлауды қажет етеді.

Қорытындылар:

- Кадрлық құрам теңгерімді;
- Тәжірибелі педагогтердің жоғары үлесі мектеп жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз етеді;
- Жас мамандарға жүйелі қолдау қажет;
- Тәжірибелі педагогтерден жас мамандарға тәжірибе беруді тәлімгерлік арқылы ынталандыру қажет;
- Кадрлық ескіру белгілері байқалады;
- Санаты жоқ педагогтер мен педагог-модераторлардың келуіне байланысты педагогтердің сапалық құрамының төмендеу үрдісі бар.

3. Оқушылар контингенті

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты:

Мектеп-лицейдің 5-11-сыныптар бойынша жұмыс құрылымы мен жүйесінің тиімділігін саралау арқылы оқу нысандарындағы өлшенетін сапаларының дәрежесін, мектептің педагогикалық үрдісінің даму динамикасын анықтау.

Өзін-өзі бағалаудың міндеттері:

1. 5-11-сынып оқушыларының оқыту және оқу үдерісінің сапасын мониторингілеу;
2. Мектеп-лицейдің құрылымдық ерекшеліктері мен жұмыс жүйесінің білім сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралардың, жобалардың тигізетін әсерін талдау;
3. Педагогтер мен оқушылардың өзін-өзі дамытуының мүмкіндіктер деңгейін анықтау;
4. II жарты жылдыққа басымды бағыттар белгілеу, ұсынымдар жасау.

2025-2026 оқу жылының I жартыжылдығының жұмысын бағалау білім беру жүйесін дамыту процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл мектепке I жартыжылдықта атқарылған жұмыстарды талдауға, басымды және әлсіз жақтарын анықтауға және білім сапасын жақсарту үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Талдау барысында оқытудың әртүрлі аспектілерін, оқыту әдістерін, білім беру процесінің барысын, I жартыжылдық қорытындысы мен нәтижелерін қамтыды. Ағымдағы нәтижелер мен оқу жетістіктеріне талдау жүргізілді.

Оқу процесін ұйымдастыру «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандартына», оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылды. Оқу жұмыс жоспары оқу орнының жекелеген пәндерді тереңдетіп оқу ерекшелігіне қарай құрылған. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде ҚР БҒМ және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының нұсқаулық - әдістемелік хаттары пайдаланылды.

Білім беру барысында келесі нормативтік-құқықтық актілер негізге алынды:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406, 2023 ж. 04 қазандағы №303, 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);
- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2023 жылғы 26 қазандағы № 323, 2024 жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы (2023 жылғы 05 шілдедегі №199, 2023 жылғы 31 қазандағы №328, 2024 жылғы 05 наурыздағы №54, бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);
- «Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 маусымдағы №132 бұйрығы;*
 - «Орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, оның ішінде қолайсыз ауа райы метеожағдайларында, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған кезде қашықтан оқыту бойынша және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығы (2025 жылғы 2 мамырдағы №103 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);
- «Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 5 тамыздағы № 174 бұйрығы;*
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» *ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығы;*
- «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» *Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығы (2024 жылғы 05 мамырдағы №127, 2024 жылғы 11 желтоқсандағы №356 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);*
- «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат

(Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2025 жылғы 05 маусымдағы №2 хаттама).

- Вариативті оқу компоненті есебінен жүргізілетін оқу бағдарламалары, таңдау пәндері білім беру ұйымының педагогикалық кеңес отырысында қаралып, бекітілді (№1 хаттама 26 тамыз 2025 жыл).
- Білім беру ұйымында шетел тілі пәні ретінде 3-11 сыныптарда «Ағылшын тілі» таңдалды (№1 хаттама 26 тамыз 2025 жыл).

Білім алушылар контингенті

2025-2026 оқу жылының басында барлық оқушы саны 3772 білім алушыны құрады. Оның ішінде:

қазақ сыныбы – 31, орыс сыныптары – 43;

5-9-сыныптар саны – 74.

Былырғы оқу жылымен салыстырғанда 5-9-сыныптардың қазақ тілінде білім алушы сыныптар саны – 2 сынып комплектісіне артқан.

қазақ тілінде оқытатан сыныптар – 10; орыс сыныптар - 10

10-11-сыныптар – 20. былырғы оқу жылының аяғымен салыстырған 1 сынып комплектісіне артқан.

Бір жыл ішінде оқушылардың қозғалысы ескеріліп, олардың сандық құрамы электронды журналдардағы оқушылар тізіміне сәйкес келеді. Келген / кеткен әрбір балаға ата-анасының өтініші және басқа мектепке/мектептен шығу/келу туралы растау талоны бар. Оқушыларды қабылдау, ауыстыру «бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрыққа (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы) сәйкес алынады.

Оқушылардың қозғалысы объективті себептермен жүреді (тұрғылықты жерінің өзгеруі, ҚР шегінен тыс жерлерге шығу).

2024-2025 оқу жылында жаз мезгілінде 292 оқушы мектепке қабылданса, 1106 оқушы жаңа мектептердің ашылуына және қоныс аударуына байланысты басқа мектептерге ауысты, мектеп бітіруші түлектерді қоса алғанда. Оқу жылы басталғаннан кейін (6 қыркүйектен бастап) 71 оқушы мектепке қабылданды, 68 оқушы кетті.

Жыл сайын оқушыларды қабылдау үшін мектепке түсушілердің құжаттарын қабылдаудан бұрын, мектеп жаратылыстану бағыты болғандықтан негізгі математика пәнінен (тест) түсу сынақтарын testter.kz арқылы өткізіледі.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлар өз жұмысында мектептің нормативтік-құқықтық актілерін, қолданыстағы заңнамалық актілерді басшылыққа алады.

2024-2025 оқу жылында 148 сынып жиынтығы, сыныптардың орташа толымдылығы 26 оқушы.

Үш жылды салыстырғанда 2023-2024 оқу жылында сынып толымдылығы артып кетсе, 2024-2025 оқу жылында талаптарға сәйкес 26 оқушыны құрап отыр. Бұл оқушылардың сапалы білім алуына оң ықпалын тигізеді.

Білім алушылар контингенті

1) деңгейлер бойынша, оның ішінде жалпы білім алатын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:

2024-2025 оқу жылында барлығы 3820 оқушы, оның ішінде бастауыш білім беру деңгейінде 1535, негізгі орта білім беру деңгейінде 1825, жалпы орта білім беру деңгейінде 460 оқушы білім алуда. Үйде оқытумен қамтылған – 19. Инклюзивті білім алушылар саны – 10.

Және өткен оқу жылының басты ерекшелігі «УМС» ҰҰ, «ана мен бала» орталығындағы ұзақ ем алып жатқан оқушыларды оқытуда оқу жылы соңында жалпы саны 100 ге жуық оқушы санымен аяқтаса, ағымдағы оқу жылының I жартыжылдығында білім алушылар саны 94-ке жетті. Жалпы қазақ орыс тілдерінде оқытылатын 22 сынып ашылды. Оқушылар тізімі медициналық орталықтың ерекшелігін ескере отырып, әр аптаның дүйсенбі күні жаңартылады. Бірақ оқушылар ҰБДҚ-да мектеп-лицей

базасында енгізілмейді.

2025-2026 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша SWOT-талдау

S — Strengths (Күшті жақтары)	W — Weaknesses (Әлсіз жақтары)
1. Оңтайлы сынып толымдылығы: Оқушылар санының бір сыныпта орташа 26-ға дейін төмендеуі білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.	1. Оқушылар қозғалысының жоғарылығы: Жыл басында 1106 оқушының ауысып кетуі және жаңадан 292 оқушының келуі сыныптардағы психологиялық климат пен білім деңгейінің біркелкілігіне әсер етуі мүмкін.
2. Сұрыпталған контингент: Жаратылыстану бағыты бойынша (testter.kz арқылы) математикадан іріктеу сынақтарының өткізілуі мектепке қабілетті балалардың жиналуын қамтамасыз етеді.	2. Тілдік теңсіздік: Орыс сыныптарының саны (43) қазақ сыныптарынан (31) әлі де айтарлықтай көп, бұл ресурстарды бөлуде теңгерімсіздік тудыруы мүмкін.
3. Инклюзивті және әлеуметтік жауапкершілік: «УМС» орталығындағы емделуші балаларды оқыту (94 бала) және үйден оқытуды (19 бала) сапалы ұйымдастыру.	3. Жүктеменің көптігі: 3772 оқушы — бұл өте үлкен контингент, бұл басқару және инфрақұрылымға үлкен салмақ салады.
4. Нормативтік базаның толықтығы: Жұмыстың ҚР БҒМ бұйрықтары мен мемлекеттік стандарттарға (МЖМБС) толық сәйкестігі.	
O — Opportunities (Мүмкіндіктер)	T — Threats (Қауіп-қатерлер)
1. Білім сапасын арттыру: Сынып толымдылығының азаюын пайдаланып, II жартыжылдықта пәндік көрсеткіштерді (әсіресе лицейлік бағытта) жақсарту.	1. Контингенттің тұрақсыздығы: Астана қаласындағы жаңа мектептердің ашылуы оқушылардың көші-қонын жалғастырып, ұстаздардың жоспарлау жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.
2. Қазақ бөлімінің дамуы: Қазақ тілінде оқитын сыныптар санының артуы (комплектілердің өсуі) мектептің мемлекеттік тілдегі мәртебесін нығайтады.	2. Эпидемиологиялық және ауа райы факторлары: Бұйрықтарда көрсетілгендей, қашықтан оқыту форматына жиі ауысу білім сапасының төмендеуіне әкелуі ықтимал.
3. Цифрландыру: Тест жүйелері мен электронды журналдарды талдау құралы ретінде кеңінен қолдану.	3. Лицей мәртебесін сақтау: Үлкен контингент жағдайында тереңдетілген бағыттағы оқу сапасын бір деңгейде ұстап тұру қиындығы.

Талдау негізінде келесідей ұсыныстар:

- 1. Мониторинг:** Жаңадан келген оқушылардың (292 бала) білім деңгейін анықтау үшін кіріс бақылау жұмыстарын күшейту.

2. **Профильдік бағыт:** 10-11 сыныптардағы ЕМН бағыты бойынша ІІ жартыжылдықта ҰБТ-ға дайындық көрсеткіштерін бақылауға алу.
3. **Әлеуметтік қолдау:** «УМС» орталығындағы оқушылар үшін икемді оқу бағдарламаларын әрі қарай жетілдіру

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Әдістемелік тақырып: *Құндылықтардан дағдыларға: цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект білім беру үдерісіне қатысушылардың дамуына арналған кеңістік ретінде.*

Мақсаты: *Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ашуға, тұлғаның зияткерлік, адамгершілік, эмоционалдық және дене дамуына, сондай-ақ білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құру. Бұл өз кезегінде қазіргі жағдайларда олардың өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік береді.*

Міндеттері:

1. Педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін жеке тұлғалық даму, біліктілікті арттыру, заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды меңгеру арқылы жетілдіру.
2. Педагогтердің шығармашылық-инновациялық қызметін ынталандыру арқылы зерттеу жұмысы мен олимпиадалық қозғалыс үдерісінде дарынды балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.
3. Оқушыларды олардың кәсіби қызығушылықтары мен ниеттеріне сәйкес оқыту үшін жағдайлар жасау.
4. Әлеуметтік ортада адамгершілік тұрғыдан салауатты қарым-қатынастарды жетілдіру, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және салауатты өмір салтын насихаттау, бейімделген органы құру арқылы оқушылардың психологиялық жайлылығы мен өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
5. Бюджеттен тыс қызметті дамыту жұмысын жандандыру арқылы материалдық-техникалық базаны, пәндік-дамытушы органы және оқытудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуін дамыту және нығайту.
6. Білім сапасын арттырудағы негізгі оқыту ресурсы ретінде мектептің электрондық білім беру ақпараттық ортасын дамыту және жетілдіру.
7. Оқу және қосымша сабақтарды өткізу барысында заманауи білім беру және цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру.
8. Балалар мен жасөспірімдердің дамуына қатысты білім беру және денсаулық сақтау мәселелерін шешуге мүдделі ата-аналармен, ұйымдармен және мекемелермен мектептің әлеуметтік серіктестігінің рөлін күшейту.
9. Тәрбие жұмысы жүйесін жетілдіру, сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру, жастар ұйымдарына қатысу арқылы оқушыларда азаматтықты, патриотизмді, рухани-адамгершілік құндылықтарды, экологиялық мәдениетті және денсаулықты сақтауға тұрақты уәжді қалыптастыру.

Мектептің ғылыми-әдістемелік қызметі – ғылым мен тәжірибенің заманауи жетістіктеріне негізделген, оқушылар мен педагогтердің зерттеушілік әлеуетін дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі болып табылады.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің қызметі арқылы жүзеге асырылады. Мектепте 13 әдістемелік бірлестік жұмыс істейді: жаратылыстану циклі пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі (биология, химия, география), қазақ тілі (Т1, Т2), жаратылыстану-математикалық пәндер (математика, физика), информатика, эстетикалық пәндер, дене шынықтыру, арнайы педагогтер, бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі, шетел тілі мұғалімдерінің

әдістемелік бірлестігі.

Әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарлары мектептің ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарын, белгілі бір кезеңде мектепте қалыптасқан жағдайды, мұғалімдердің жұмыс тәжірибесі мен біліктілік деңгейін, педагогтердің бейімділігі мен қызығушылықтарын, сондай-ақ жекелеген пәндерді оқытудың ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылады.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың мазмұны мен формалары мектеп қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес айқындалады. Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмыс бағдарламасын әзірлеу барысында төмендегі нормативтік құжаттар ескеріліп, пайдаланылды:

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығы «Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы».

– Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК-нің *«Мектептің әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдары»*.

– Мектепті дамыту бағдарламасы

Талдау объектілері:

- әдістемелік кеңестер
- әдістемелік бірлестіктер
- пәндік апталықтар
- мұғалімдердің шығармашылық топтары
- мектеп әкімшілігінің сабақтарға қатысуы
- кадрлардың біліктілігін арттыру және педагогикалық шеберлігін жетілдіру
- курстық даярлық
- әдістемелік семинарлар
- педагогтердің әртүрлі деңгейдегі кәсіби шеберлік конкурстарына қатысуы
- мұғалімдердің ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы
- жас мұғалімдермен және жаңадан келген педагогтермен жұмыс
- білім алушылар мен педагогтердің пәндік олимпиадаларға және ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы.

Әдістемелік жұмыстың табыстылығы педагогтердің кәсіби дамуға деген қызығушылығына, мектептегі білім беру үдерісінің ұйымдастырылуына ұжымның қанағаттану деңгейіне байланысты. Мұғалім өз жұмысына неғұрлым қанағаттанған сайын, соғұрлым өзінің педагогикалық шеберлігін жетілдіруге қызығушылығы арта түседі. Осыған байланысты мектептегі әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті – педагогтердің өз саласындағы құзыреттілігін үздіксіз дамытуға ықпал ету және олардың біліктілігін тұрақты түрде жетілдіру болып табылады.

Сондықтан әдістемелік жұмыстағы ең бастысы – мұғалімнің өз пәні бойынша шығармашылықпен жұмыс істеуіне, өзін-өзі білімдендіруіне және педагогикалық шеберлігін жетілдіруіне қолайлы жағдай жасау.

Қазіргі уақытта мектептегі әдістемелік қызметтің мазмұны білім берудің заманауи жағдайымен айқындалады. Білім беру мазмұнын жаңғыртуға, бастауыш және негізгі мектептердегі білім беру стандарттарының жаңартылуына сәйкес басты бағыттардың бірі – педагогтердің кәсібилігін дамыту, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге арналған педагогикалық жағдайлар жасау, сондай-ақ мұғалімнің практикалық қызметінде кәсіби әдістемелік қолдау көрсету болып табылады. Бұл қолдау төмендегілер арқылы жүзеге асырылады:

- іс-шаралардың тиімді жүйесін ұйымдастыру (әртүрлі семинарларды жоспарлау мен өткізуден бастап педагогикалық тәжірибені жинақтауға дейін);
- педагогикалық ғылым жетістіктерін зерделеу және оларды практикаға енгізу;
- желілік қауымдастықтардың жұмысына қатысу.

Жаңа оқыту және тәрбиелеу әдістерін, тәсілдері мен формаларын ұтымды, жедел әрі шығармашылықпен қолдану қажеттілігіне байланысты мектептің әдістемелік жұмысының рөлі арта түсуде.

Мұғалімдердің авторлық еңбектерінің тұрақты өсімі байқалады. Көптеген педагогтер әдістемелік әзірлемелер, оқу-тәжірибелік құралдар, электрондық білім беру ресурстары және зерттеу мақалаларын жасайды. Бұл цифрлық технологиялардың дамуына, кәсіби талаптардың артуына және үздік тәжірибелермен алмасуға қызығушылыққа байланысты.

Мұғалімдердің авторлық материалдары білім беру үдерісінде белсенді түрде қолданылады, оқытудың сапасын арттырады және педагогтердің өз кәсіби өсуіне ықпал етеді. Сол себепті Қалалық оқу-әдістемелік кеңестің сараптамасынан өткен авторлық еңбектердің саны артуда.

2023-2024	3
2024-2025	14
2025-2026 (1полугодие)	9

**2024–2025 оқу жылы бойынша Қалалық оқу-әдістемелік кеңестен (ГУМС)
өткен педагогтердің авторлық жұмыстары туралы мәліметтер**

№	Жұмыстың тақырыбы	Педагогтің аты-жөні
1.	Дәстүрлі садақ ату» спорттық үйірмесін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқау.	Апарова Г. А. Дәулетова С
2.	Авторлық бағдарлама «Мынбаевтану»	Қармақбай А.Ө.
3.	Математикалық логика оқу әдістемелік кешен.	Какеша М.
4.	Развитие функциональной грамотности на уроках физики.	Алиева Р. К.
5.	«Наглядно-демонстрационный материал кружковых занятий по живописи в 5-8 классах»	Аманова Ш.С.
6.	«Алтын сақа» настольная игра.	Аманов Т. К.
7.	«Қазақтың сәндік қолданбалы өнері»	Байсары А.Е.
8.	«Жүннен бұйымдар дайындау арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие беру»	Кауымбаева Д.Н.
9.	«Жасанды интеллект»	Кузеубаева А.К., Омиржанова Г.Н.
10.	"Roblox Studio" ортасында ойындар әзірлеу	Абикенов Д.А.

11.	«Сборник заданий по истории Казахстана для 9 класса»	Мағауяқызы Л.
12.	«Оқу шаттығы» Әдебиеттік оқу пәніне арналған әлістемелік құрал, 2-сынып	Серік Н.А.
13.	«Мәтін сыры»	Жақишева М.К.
14.	«Сөз төркіні»	Асипова Ж.В.
15.	"Основы предпринимательства и бизнеса"(элективный курс 10 класс)	Сатпаева В.К.

2025–2026 оқу жылының I жартыжылына арналған Қалалық оқу-әдістемелік кеңестен (ГУМС) өткен педагогтердің авторлық жұмыстары туралы мәліметтер

№	Жұмыстың тақырыбы	Педагогтің аты-жөні
1.	«Ағылшын тілі пәні бойынша 9- сынып оқушыларына арналған мәтіндік тапсырмалар жинағы»	Аманкельды Ж.А.
2.	LearnQuest (5-сыныпқа арналған вариативті курс)	Кожаметова А.К.
3.	«Географияны оқытудағы геймификация және жасанды интеллект»	Орымбаева А.Ш.
4.	«Заманауи ұлттық нақыштағы камзол»	Кауымбаева Д.Н.
5.	«Методика преподавания казахского танца в учреждениях дополнительного образования»	Мошанова А.О.
6.	«Ұлттық аспап-ұлт мәдениетінің мәйегі»	Турмагамбетова А.Т.
7.	«Функциональная грамотность на уроках русского языка»	Кемербаетова Л.Т.
8.	«Образные средства в детской литературе.»	Турлинова А.А.
9.	Наследие Великой степи: история и современность Казахстана	Баймухамбетова С.К.

Қараша айында «Әдістемелік орталық» МКҚК-мен бірлесіп «Жасанды интеллект – білім беруді цифрлық трансформациялаудың драйвері: оқытуды даралау, педагогикалық құзыреттіліктерді дамыту және STEM/STEAM-әдістемелер» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылып өткізілді. Цифрлық технологиялар бойынша ғылыми-практикалық конференция – тәжірибе алмасуға, зерттеулерді таныстыруға және білім беру, ғылым және практикалық қызметке цифрлық шешімдерді енгізудің өзекті мәселелерін талқылауға арналған кәсіби алаң болып табылады. Конференцияда ғалымдар, педагогтер, практиктер және цифрлық сарапшылар баяндама, кейстер мен инновациялық әзірлемелерді ұсынды, соның ішінде цифрлық құралдар, жасанды интеллект, білім беру платформалары, процестерді автоматтандыру және киберқауіпсіздік салалары қамтылды.

Қатысушылар цифрлық технологиялардың нақты міндеттерді шешудегі әлеуетін талқылады, шеберлік сабақтарына және тақырыптық сессияларға қатысты, бұл озық тәжірибелерді таратуға және кәсіби байланыстарды нығайтуға ықпал етті.

2026 жылғы 29 қаңтарда ғалым Кәрім Мынбаевтың 120 жылдығына арналған «ИННОВАЦИЯЛАР МЕН САБАҚТАСТЫҚ: КӘРІМ МЫҢБАЕВТИҢ ҒЫЛЫМИ ИДЕЯЛАРЫ ЗАМАНАУИ КОНТЕКСТЕ» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілуі жоспарлануда.

Мектеп педагогтері қалалық білім беру жүйесін дамытуға жоғары кәсіби белсенділік пен қатысу көрсетеді. Олар қалалық және республикалық шығармашылық топтардың мүшелері болып табылады, осы қызмет аясында заманауи білім беру бағдарламаларын,

әдістемелік ұсынымдарды және инновациялық педагогикалық технологияларды әзірлеу, тәжірибеден өткізу және енгізуге қатысады. Шығармашылық топтардағы жұмыс оқу пәндерін оқытудың сапасын арттыруға және тиімді педагогикалық тәжірибені таратуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, мектеп педагогтері эксперттік кеңестің құрамында болып, олардың кәсіби құзыреттілігі қалалық деңгейде мойындалғанын көрсетеді. Эксперттік қызмет аясында мұғалімдер білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді, диагностикалық материалдарды талдау және бағалау жұмыстарын жүргізеді, сондай-ақ педагогтердің кәсіби қызмет нәтижелерін сараптамадан өткізуде қатысады. Бұл жұмыс жоғары деңгейдегі әдістемелік дайындықты, аналитикалық ойлауды және білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық базаны білу талабын қойып отыр.

Мектеп педагогтерінің эксперттік және шығармашылық қызметке қатысуы олардың кәсіби шеберлігін арттыруға, аналитикалық және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға, сондай-ақ озық педагогикалық тәжірибені мектептің білім беру практикасына енгізуге ықпал етеді. Осы қызмет барысында алынған білім мен дағдылар оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі түрде қолданылады, бұл білім сапасына, оқушылардың нәтижелеріне және педагогикалық ұжымның кәсіби дамуына оң әсерін тигізеді.

Атап айтқанда: *Дәулетова Салтанат Әлімбайқызы* 2020,2021,2022,2023,2024 жылдары

Ұлттық біліктілік тестілеуге (Педагогтердің білімін бағалау) арналған «Дене шынықтыру» пәні бойынша тест тапсырмаларының Республикалық апелляциялық комиссияның мүшесі. *Енсегенова Кульжан Мырзахановна* Т2 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қалалық шығармашылық топта ҚМЖ құрастыруда. *Куандықов Ерлан Бейсембекович*, *Апарова Гульжан Есетовна* дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларына өңдеуден

кейінгі сараптама қалалық тобында. *Мұқашова Айнұр Нұрғожақызы* «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК -нда Ұлттық бірыңғай тестілеу пәндері бойынша тест тапсырмаларының бірінші сараптамасы тобыда. *Кузеубаева А.Қ.* Республика деңгейінде білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) аясында прокторинг жұмыс тобы. 07-30 сәуір 2025 ж.

Қузембаева Алия Оразбаевна-орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге сараптама жүргізді. Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті, білім мазмұнын сараптау орталығы (4-ші сынып дүниетану оқулығы) Астана қ-2025ж.

Шанкибаева Мухаббат Хасановна, география қауымдастығының мүшесі, ОЗП тесттерін тестілеу комиссиясының мүшесі. *Байбусинова Айнар Қайратовна*, *Байбергенова Жанат Амангельдиновна* физика пәнінің мұғалімі Қалалық шығармашылық топта ҚМЖ құрастыруда. *Бақыт Оралқызы Нұрғалиева* Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының («Учебник» РҒПО) оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен сарапшысы. *Кемербаева Ләйлә Токановна* Бастауыш сынып мұғалімі Қалалық шығармашылық тобы Мұғалімдерге арналған олимпиада есептерін құрастыру 2024 жылғы 8 қазандағы N 1986 бұйрығы. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі *Садуақасова Жадыра* «Тіл және әдебиет» білім саласы қалалық шығармашылық топтың мүшесі.

Мектеп педагогтерінің кәсіби конкурстарға қатысуы олардың кәсіби құзыреттілік деңгейінің, өзін-өзі дамытуға деген мотивациясының және заманауи білім беру технологияларын енгізуге дайындығының маңызды көрсеткіші болып табылады. Педагогтердің конкурсқа қатысу белсенділігін талдау олардың кәсіби шеберлікті дамыту

және озық педагогикалық тәжірибені тарату бойынша жүйелі және мақсатты жұмыс атқаратынын көрсетеді. Мектеп педагогтері дарынды және бастамашыл мұғалімдерді анықтауға және қолдауға бағытталған қалалық және республикалық кәсіби конкурстарға белсенді қатысады. Конкурсқа қатысу әртүрлі бағыттарды қамтиды: сабақтар мен сабақтан тыс іс-шараларға арналған әдістемелік әзірлемелер, инновациялық білім беру жобалары, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, тәрбиелік практикалар, сондай-ақ педагогикалық тәжірибені жинақтау және таныстыру.

Конкурстарға қатысу педагогтердің әдістемелік және пәндік даярлық деңгейін арттыруға, олардың шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін дамытуға, кәсіби қызмет нәтижелерін көпшілік алдында таныстыру және өзін-өзі талдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Конкурстық іс-шараларға дайындық барысында мұғалімдер заманауи білім беру технологияларын меңгереді, білім беру нәтижелерін бағалау әдістерін жетілдіреді және оқу үдерісіне жобалық және зерттеушілік қызмет элементтерін белсенді түрде енгізеді. Педагогтердің конкурстық қызметінің нәтижелері (қатысуы, жүлделі орындар, дипломдар, сертификаттар) кәсіби шеберліктің өскенін көрсетіп, мектептің педагогикалық ұжымының қалалық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін растайды. Қол жеткізілген жетістіктер мектебіміздің имиджін арттыруға, кәсіби беделін нығайтуға және педагогикалық байланыстарды кеңейтуге ықпал етеді.

Талдау кәсіби конкурстарға қатысудың білім беру үдерісінің сапасына оң әсер ететінін көрсетеді: конкурстық материалдар мен педагогикалық жаңалықтар қала мектептерінің практикалық қызметінде қолданылады, әдістемелік бірлестіктер, семинарлар мен шеберлік сабақтары аясында таратылып отырады.

Осылайша, педагогтердің конкурстық белсенділігі мектептің кадрлық әлеуетін дамыту мен білім сапасын арттырудың маңызды ресурсы болып табылады.

2025 жылғы педагогтердің кәсіби жетістіктері

№	Аты-жөні	Жетістіктері
1	Мошанова Алия Омархановна	ІІІ ДӘРЕЖЕЛІ диплом. Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтеріне арналған «Идеялар марафоны-2025» аймақтық байқауының жүлдегері
2	Оразбаева Гүлнұр Мұратқызы	І ДӘРЕЖЕЛІ диплом. Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтеріне арналған «Идеялар марафоны-2025» аймақтық байқауының жүлдегері
3	Шакиров Жаслан Гадильгапарович	Волейболдан 1 орын
4	Каринов Еркебулан	Баскетболдан 1 орын
5	Апарова Гульжан	Волейболдан 1 орын
6	Даулетова Салтанат	Үздік дене тәрбиесі мұғалімі-2025 қалалық сайысында 1 орын. Волейболдан 1 орын «Үздік дене шынықтыру педагогі-2025» республикалық конкурсының Үздік спорттық-бұқаралық іс-шара номинациясы бойынша марапатталды.

7	Орымбаева Айжан Шахидуллаевна	II ДӘРЕЖЕЛІ диплом. География пәні мұғалімдеріне арналған «Geograf shynu» қалалық байқауының жүлдегері. II ДӘРЕЖЕЛІ диплом. «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының қалалық кезең жүлдегері.
8	Аманова Шолпан Серикжановна	II ДӘРЕЖЕЛІ диплом. Білім беру ұйымдарының арасында көркем еңбек пәні педагогтеріне арналған «Тәуелсіздік ұрпағы» қалалық байқауының жүлдегері. I ДӘРЕЖЕЛІ диплом. Жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Ұлы даланың бояулары» байқауының жеңімпазы.
9	Уралбекова Сайран Ержановна	II ДӘРЕЖЕЛІ диплом. Математикадан бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиадасының жүлдегері
10	Турлинова Ардак Амантаевна	II ДӘРЕЖЕЛІ диплом. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасының аудандық/қалалық кезеңінің жүлдегері
11	Кожаметова Арайгуль Куанышевна	III ДӘРЕЖЕЛІ диплом «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының қалалық кезеңі
12	Нәбиев Дидар Нәбиұлы	III ДӘРЕЖЕЛІ диплом «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының қалалық кезеңі
13	Кузеубаева Айнур Касымхановна	III ДӘРЕЖЕЛІ диплом «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының қалалық кезеңі
14	Мұқашова Айнұр Нұрғожақызы	III ДӘРЕЖЕЛІ диплом «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының қалалық кезеңі
15	Сулейменова Айнур Сеитовна	Сертификат «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының қалалық кезеңі
16	Төлеубай Гүлшат Мейрамханқызы	III ДӘРЕЖЕЛІ диплом. «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының қалалық кезең жүлдегері II ДӘРЕЖЕЛІ диплом «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының қалалық кезеңі

Білім алушылардың пәндік олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу жобаларына және конкурстарға қатысуын талдау

Мектеп оқушыларының пәндік олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу жобаларына және конкурстарға қатысуы білім беру үдерісінің сапасының, пәндік және метапәндік құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейінің, сондай-ақ дарынды және ынталы білім алушылармен жүргізілетін жұмыстың тиімділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Аталған қызметті талдау педагогикалық ұжымның оқушылардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған мақсатты әрі жүйелі жұмыс жүргізіп отырғанын көрсетеді.

Мектеп оқушылары пәндік олимпиадалардың мектепшілік және қалалық кезеңдеріне, сондай-ақ әртүрлі бағыттағы ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстар конкурстарына белсенді қатысады. Олимпиадалық және жобалық-зерттеу қозғалысы әртүрлі жас ерекшеліктеріндегі білім алушылар мен түрлі пәндік салаларды қамтиды, бұл аталған жұмыс

түрлерінің қолжетімді екенін және оқушылардың оқу пәндерін тереңдетіп оқуға тұрақты қызығушылық танытатынын дәлелдейді.

Олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысу білім алушылардың аналитикалық ойлауын, ақпаратты өздігінен іздеу және өңдеу дағдыларын, алынған білімді стандарттан тыс жағдайларда қолдана білуін дамытуға, сондай-ақ зерттеушілік мәдениет пен жобалық қызмет дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Конкурстар мен конференцияларға дайындық оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, жауапкершілік, мақсатқа ұмтылушылық және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытады.

Білім алушылардың қатысу нәтижелері (қатысушылар, жүлдегерлер мен жеңімпаздар саны) оң динамиканы көрсетіп, дарынды және ынталы балаларды сүйемелдеу бойынша педагогтердің жұмысының тиімділігін дәлелдейді. Оқушылардың қалалық және республикалық деңгейлердегі жетістіктері мектептің беделін арттыруға, білім беру ұйымының оң имиджін қалыптастыруға және білім алушылар үшін табысты жағдай жасауға ықпал етеді.

№	Қатысушының тегі	Қатысушының аты	республикалық деңгей	нәтиже	Жоба жетекшісінің толық аты-жөні		
1	Сақтан	Алихан	Президентская олимпиада	3	Есимова Шолпан Акбергеновна		
9–11 сыныптарға арналған республикалық пәндік олимпиада							
№	Оқушының аты-тегі (құжат бойынша) (отчество қажет емес)	Сыныбы	Пәні	Мұғалімнің толық аты-жөні (құжат бойынша)	Аудандық нәтижесі	қалалық	
1	Касымова Ясмина	10	История Казахстана	Мағауяқызы Ляззат	2 орын		
2	Актаева Амина	10	Основы права	Мағауяқызы Ляззат	2 орын	грамота	
3	Ахмедова Дарина	10	қазақ тілі мен әдебиеті	Кабылбекова Сауле Жанабаевна	2 орын		
4	Мағауяқызы Аруна	11	қазақ тілі мен әдебиеті	Жунусова Мейрамкул Бахытовна	2 орын		

5	Сақтан Алихан Қанатұлы	11	Математика	Есимова Шолпан Акбергеновна	2 орын	2 место	
6	Хамзахунов Шахрум Алимжанови ч	11	физика	Тәжібай Зарина Нұрмаханқызы	3 орын		
7	Балнияз Рахат Максатович	10	Математика	Төлеутай Ая Төлеутайқызы	1 орын		
8	Сабешов Заңғар Асқарұлы	9	Математика	Изеева Бибижамал Жаксыбаевна	3 орын		
9	Асылханов Алихан Жамбулұлы	9	физика	Байбусинова Айнар Кайратовна	2 орын	3 место	
10	Кривило Яна Алексеевна	11	орыс тілі мен әдебиет	Сеилканова Дамет Дулатовна	1 орын		
11	Букешев Ерзат	10	Биология	Жарысова Анар Анарбекқызы	3 орын		
12	Әмірбек Айдос	9	Биология	Хамитова Гульмира Кабылжапаровна	3 орын	1 место	
	Омаров Имангали	9	химия	Бекбосынов Мадияр Шаримбекович	1 орын		
13	Алтыбаева Амира	10	Химия	Бекбосынов Мадияр Шаримбекович	2 орын		
14	Рахметова Карина	11	География	Башинский Анатолий Анатольевич	2 орын		
